

УДК 004.7

М. Ө. Насимов,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, ректор міндетін
атқарушы, «Болашақ» университеті, Қызылорда

ОБЛЫС ЖӘНЕ АСТАНА, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІКТЕРІНІҢ РЕСМИ САЙТТАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ПАРАҚШАЛАРЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Ғаламтордың кеңінен таралуы шарттарындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы жаһандық құбылыс болып табылады. Бұл Интернеттің ХХІ ғасыр азаматтарының санасын толықтай жаулауына мүмкіндік берді. Қазіргі заманғы қоғам Интернет пайда болғаннан кейін жаңа дамыған ақпараттық кезеңге өтті. Бүгінде Интернет ақпараттың мінсіз қайнар көзі болуымен қатар, байланыстың жеңіл тәсіліне айналды.

Мақалада Қазақстан Республикасындағы облыс және Астана, Алматы қалаларының ресми сайттары мен әлеуметтік желілердегі материалдары қарастырылады. Зерттеудің нысаны – облыс әкімдіктері мен Астана және Алматы қаласы әкімдіктерінің ресми сайттары мен әлеуметтік желілердегі парақшалары болып табылады. Зерттеу пәніне ресми сайттардағы негізгі мәзірлер және әлеуметтік желілердегі парақшалар материалдарының берілуін талдау жатады.

Тірек сөздер: ғаламтор, облыс әкімдіктері, ресми сайт, ресми сайттардың негізгі мәзірлері, әлеуметтік желілер, әлеуметтік желілердегі парақшалар.

Аннотация

С распространением Всемирной паутины развитие информационно-коммуникационных технологий стало глобальным явлением. Это дало возможность Интернету захватить сознание людей ХХІ века. Наш мир с появлением Интернета перешел в новую развитую информационную эру. Сегодня Интернет является не только идеальным источником информации, но и нетрудным способом коммуникации.

В статье рассмотрены материалы официальных сайтов и страниц социальных сетей акиматов областей и городов Астана и Алматы Республики Казахстан. Объектом исследования являются официальные сайты и страницы социальных сетей акиматов областей и городов Астана и Алматы. Предметом исследования выступает основное меню официальных сайтов и мониторинг материалов страниц в социальных сетях.

Ключевые слова: Интернет, областные акиматы, официальный сайт, основное меню официальных сайтов, социальные сети, страницы в социальных сетях.

Abstract

With distribution of a world wide web progress information and communications technologies became the global phenomenon. It has given the chance Internet captured consciousness of people in XXI century. Our world with the advent of the Internet passed to new information era. Today the Internet is not only an ideal source of information, but also easy way of communication.

In article considered materials of the official sites and pages of social networks akimats of oblast and cities of Astana and Almaty of the Republic of Kazakhstan. The research's object is the official sites and pages of social networks akimats of oblast and cities of Astana and Almaty. **The research's subject** is the main menus official sites and monitoring of materials pages on social networks.

Keywords: Internet, oblast akimats, official site, main menus of the official sites, social networks, pages on social networks.

Kіріспе

Бүгінгі заманның негізгі көрсеткіші ретінде ақпараттық саланың нық дамуы саналады. Заманауи ақпарат технологияларының күнделікті бір қалыпта тұрмай өзгеруі адамзат санасына ықпал жасауда. Сондықтан адамзаттың эволюциялық дамуын жаңа технологияларды қоғам мүшелерінің игеруі тұрғысынан қарастыруға болады. Адамзатты киберәлеуметтендіру үдерісі қалыптасып, әлемдік өркениет тарихында Жер планетасы тұрғындарын біз байқай бермейтін жаңа әлеуметтік-психологиялық, саяси-философиялық құндылықтарды сіндірудің

алғышарттары жүзеге асып жатыр. Адам қарым-қатынас мәдениетінің өкілі болғандықтан кез келген ақпараттық құрылғыға тәуелділігінен арыла алмайды. Өз заманында радио мен теледидар өркениет тарихында бір сілкініс тудырса, бүгінгі таңдағы Интернет және оны пайдаланудың түрлі мүмкіндіктері толықтай электронды бағыныштылыққа апарды.

Адамзат тұрақты түрде электронды желілік ақпаратты толықтырып тұратын киберкеңістікте өмір сүріп жатыр. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басында пайда болған киберкеңістіктің даму екпіні өте жоғары. Компьютер мен интернет желілерді пайдаланушылар санының артуына байланысты қазіргі заманғы адамның көптеген және әр түрлі қажеттіліктері қанағаттандырылуда [1,104–105-бб.].

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы және кеңінен таралуы қоғамды жаңаша түсінуге және қалыптасқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы ақпараттық қоғамды «желілендіруге» ықпал жасады. Осы желілер заманауи қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымын жасау арқылы күнделікті өмір, өндіріс, мәдениет және билікпен тығыз байланысты үдерістер нәтижесіне әсер ететіндігін дәлелдеді. 2000 жылдың 22 шілдесінде қабылданған Жаһандық ақпаратты қоғамның Окинава Хартиясында айтылғандай: «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар XXI ғасырдағы қоғамды қалыптастыруға ықпал жасайтын ерекше маңызды факторлардың бірі» [2]. Елімізде ақпаратты қоғамға көшуге ықпал ететін барлық қажетті жағдайларды жасау үшін және «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты 2012 жылғы 10 шілдедегі мақалада берілген Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін 2013 жылы «Ақпаратты Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы әзірленген болатын. Жоғарыда аталған Окинава Хартиясымен қатар, Ақпаратты қоғам құру қағидаттары декларациясы (Женева, Швейцария, 2003 жыл), Тунис міндеттемесі іс-қимыл жоспары (Тунис, Тунис Республикасы, 2005 жыл), басқа да халықаралық құжаттардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының негізгі ережелері ескерілген бағдарламаның негізгі міндеттері қатарына жатады: мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ақпараттық орта құру, отандық ақпараттық кеңістікті дамыту жатады [3].

Бүгінде билік органдары үшін ақпараттың ашықтығы өте маңызды мәселе болып табылады. Ақпараттың ашықтығын арттыру міндеті бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс, аймақ тұрғындары, инвесторлар мен журналистерге дайындалған арнайы іс-шаралар көмегімен жүзеге асады. Ақпараттың ашықтығын арттырудың негізгі құралдарының бірі ретінде жергілікті мемлекеттік органның ресми сайты да саналады.

Ресми сайт қызметінің негізгі қыры ретінде оның қарапайымдылығы мен қолданудағы оңтайлылығы деп ойлаймыз. Сонымен қатар, сайттағы ақпараттардың өзектілігі, ашықтығы, мөлдірлігі, интербелсенділігі, тұтынушыға бағытталуы, қолжетімділігі өте маңызды деп ойлаймыз. Осы себептерге байланысты, зерттеу жұмысында ресми сайттардың негізгі мәзірлеріне, берілетін ақпарат тілдеріне, жаңалықтардың жаңару мерзімдеріне қысқаша талдаулар жасалды. Облыс және Астана, Алматы қаласы әкімдіктерінің әлеуметтік желілердегі белсенділігін айқындауға тырыстық.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы барысында еліміздегі 14 облыс пен Астана, Алматы қалалары әкімдігінің ресми сайттары мен әлеуметтік желілердегі деректік ақпараттарына сараптама жасалды. Барлық 14 облыс пен Астана мен Алматы қаласының ресми сайттары бар. Өрқайсысына жеке тоқталып, жалпы сипаттама дайындалды. Әлеуметтік желілердегі парақшалар іздеу арқылы қарастырылды және іздеу тәртібі Қазақстан Республикасында анықталған жетекші әлеуметтік желілер [1, 113-б.] бойынша сараптама жасалды. Сондықтан іздеу ВКонтакте, Одноклассники, Мой мир, Фейсбук, Твиттер әлеуметтік желілерінде жүргізілді.

Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу облыс әкімдіктерінің ресми сайттарын салыстырмалы талдау, әлеуметтік желілерде болу, болмауы, белсенділігін анықтау арқылы мүмкін болды. Сонымен бірге, нәтижеге жетуге саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әртүрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері септігін тигізді. Мақала материалдары бойынша талдаулар ағымдағы жылдың 23 маусымы мен 30 қазаны аралығында жүргізілді.

Талқылау және нәтижелер

Ақмола облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://akmo.gov.kz/> (қаралған күні: 23.06.2016 – 30.10.2016). Сайт қазақ және орыс тілінде жұмыс жасайды. Негізгі мәзірлері ретінде «Билік», «Облыс аймақтары», «Әкімге сұрақ», «Облыс туралы», «Бос уақыт» қарастырылған. Сонымен қатар, қосымша бөлімдері бар екенін айта кеткен жөн. Ресми сайт орыс тіліне басымдық беретіндігі байқалады. Өйткені, негізгі мәзірлерімен танысу барысында, ізденуші материалдардың орыс тілді нұсқасына еніп кетеді. Ел және өңір жаңалықтары екі тілде мерзімділігіне қарай жаңартылып отырады.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік өте төмен. Мәселен, Фейсбукта «Акимат Акмолинской области» деген атпен парақшасы болғанымен, ақпараттар жаңартылмайтындығы байқалады. Парақшадағы соңғы жазба 2013 жылдың 23 сәуірінде жазылған. Іздеу барысында басқа әлеуметтік желілердегі парақшалары табылмады.

Ақтөбе облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://aktobe.gov.kz/kk> (қаралған күні: 23.06.2016–30.10.2016). Сайт қазақ және орыс тілдерінде жұмыс жасайды. «Билік құрылымы», «Мемлекеттік қызметтер көрсету», «Жалпы ақпарат», «Мемлекеттік қызмет», «Халықпен жұмыс істеу», «Облыс» тақырыптары бойынша негізгі мәзірлер жұмыс жасайды. «Президенттің жыл сайынғы Жолдауы», «Кадрлық саясат», «Аймақтың дамуы», «Мемлекеттік бағдарламалар», «Нормативтік құқықтық актілер», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Мемлекеттік кәсіпкерлік қызметін қолдау», «Іс-шара жоспары», «Халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғау» сынды жүйеленген т.б. қосымша мәзірлер жұмыс жасайды. Тұрғындарға арналған салықтық бақылау бөлімі өңделу барысында болса, ЖТҚ өтініштердің тізімі бөлімі әзірленуде. Өңір жаңалықтары мерзіміне сәйкес екі тілде тұрақты түрде жаңарып отырады.

Әлеуметтік желілердегі парақшаларды іздеу барысында облыстық басқармалардың мәліметтері кездескенімен, әкімдік тарапынан белсенділік байқалмайды. Дегенмен, Ақтөбе Ақпарат Орталығы парақшасы бар екендігі анықталды және жаңарып отыратындығы айқындалды. Дегенмен, берілетін ақпараттардың басым бөлігі орыс тілінде ұсынылады. Өзге әлеуметтік желілерде парақшаларды таба алмағандығымызды айта кеткен жөн.

Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://zhetyssu.gov.kz/> (қаралған күні: 23.06.2016 – 30.10.2016). Сайт қазақ және орыс тілдерінде жұмыс жасайды. «Басты», «Әкім аппараты», «Мәслихат», «Облыс аймақтары», «Облыстық басқармалар», «Норма-шығармашылық қызмет» негізгі мәзірлерімен қатар, қосымша бөлімдер ашылған. Ресми жаңалықтар, инфографика мерзіміне сәйкес жаңартылып отырады. Сайттың нашар көретіндерге арналған және мобильді нұсқасы жұмыс жасайды.

Әкімдіктің баспасөз қызметі әлеуметтік желілерді пайдалануды жолға қойған. Барлық әлеуметтік желілердегі парақшаларға ресми сайт арқылы оңтайлы ену жолдарын қарастыруы құптарлық іс деп ойлаймыз. Парақшалардағы жаңалықтар тұрақты түрде өз мезгілінде жаңартылып отырады. Одноклассники әлеуметтік желісінде парақша табылмаса да, Ел, Инстаграм мен Ютубта парақшаларының бар екендігі қуантады.

Атырау облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://atyrau.gov.kz/> (қаралған күні: 23.06.2016–30.10.2016). Сайт үш тілде жұмыс жасайды. Негізгі мәзірлер қатарына «Басты», «Әкім аппараты», «Басқармалар», «Әкімдіктер», «Мәслихаттар», «Департаменттер», «Құжаттар», «Аймақ туралы», «Байланыс» жатады. Сонымен қатар, «Жаңалықтар», «Мемлекеттік сатып алу», «Бюджеттің орындалуы», «Сенім телефондары», «Халықпен жұмыс», «Жемқорлықпен күрес», «Терроризммен күрес», «Әдеп жөніндегі уәкіл», «Форум»

қосымша бөлімдері бар. Барлық салаларды қамтитын арнайы парақшалар жұмыс жасайды.

Жаңалықтар басты мәзірде орналаспаса да, арнайы мәзір арқылы танысып шығуға болады. Ағылшын тіліндегі бет орыс тілді нұсқамен танысуға мүмкіндік беретінін айтқанымыз жөн. Нашар көретіндерге арналған және мобильді нұсқа жұмыс жасайды.

ВКонтакте әлеуметтік желісінде арнайы топ құрылған және ақпараттар жаңарып тұрады. Атырау облысының әкімдігі атауымен жұмыс жасайтын Фейсбуктегі парақшасы тұрақты түрде жаңарып тұрады және орыс тілді контенттерге мән берілетіндігі анықталды. Іздеу барысында өзге үш әлеуметтік желілердегі парақшаларды таба алмадық.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://bko.gov.kz/> (қаралған күні: 23.06.2016– 30.10.2016). Ресми интернет-ресурс үш тілде жұмыс жасайды. Ағылшын тілді нұсқада ағылшын тілінде мәліметтер беру бойынша жұмыстар жүргізілгендігі байқалады. «Аймақ туралы», «БҚО әкімі», «Билік құрылымы», «Ресми құжаттар», «Мемлекеттік қызмет», «Инвесторларға», «Экономика және қаржы», «Қоғам», «Қызметтер», «Құқық» атты негізгі мәзірлерімен қатар, қосымша бөлімдер бар. Нашар көретіндерге арналған сайттың нұсқасымен қатар, мобильді нұсқада жұмыс жасайды.

Жаңалықтар екіге бөлінген: Елдің жаңалықтары және Аймақ жаңалықтары. Қазақ және орыс тіліндегі жаңалықтар өзара сәйкес келсе, ағылшын тіліндегі ақпараттарды беру қолға алынбаған. Батыс Қазақстан облысы Әкімінің баспасөз қызметі атты Фейсбуктегі парақшасы үнемі жаңартылып отырады. Сонымен қатар, Твиттер мен Инстаграмда ресми парақшасы бар.

Жамбыл облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://www.zhambyl.gov.kz/> (қаралған күні: 23.06.2016 – 30.10.2016). Сайт қазақ және орыс тілдерінде қызмет көрсетіп отыр. «Ақпарат», «Билік», «Мемлекеттік қызмет көрсету», «Экономика», «Саясат», «Департаменттер мен басқармалар», «Басқа мәлімет», «Аудандар» сынды негізгі мәзірлер жұмыс жасайды. Ресми сайттың интербелсенділігі жоғары. Облыс жаңалықтары тұрақты түрде екі тілде жаңартылып отырады.

Фейсбукта «Акимат Жамбылской области» парақшасы табылғанымен, соңғы ақпарат 2014 жылдың 17 қарашасында берілген. Өзге әлеуметтік желілердегі белсенділігі көрінбейді.

Қарағанды облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://karaganda-region.gov.kz/> (қаралған күні: 23.06.2016 – 30.10.2016). Ресми сайт үш тілде дайындалғанымен, ағылшын тілді нұсқасы орыс тілді ақпаратқа сілтеме арқылы оқылады. Негізгі мәзірлері ретінде «Оқиғалар», «Азаматтар», «Билік», «Бизнес», «Мемлекеттік қызмет көрсету», «Мемлекеттік сатып алу», «Тағы» бөлімдері саналады. Қосымша ақпаратпен қамтамасыз ететін басқа да мәзірлер бар. Нашар көретіндер үшін арнайы нұсқа жасақталған. Қазақ тілді жаңалықтарға қарағанда, орыс тілді ақпарат уақытылы жаңартылып отыратындығы айқындалды. Соңғы кездері ағылшын тіліндегі ақпараттың жылдам берілуіне басымдық беріліп отырғандығы байқалады.

ВКонтакте желісінде «Акимат Карагандинской области» деген атаумен 2 топ құрылған: бірінде 44 қатысушы және соңғы ақпарат 2013 жылдың 25 қарашасында берілсе, екіншісінде 1 қатысушы бар және соңғы бір ғана ақпарат 2016 жылдың 23 мамырында ұсынылған. Кейін екінші парақша өшірілді. Фейсбукта «Акимат Карагандинской области» тақырыбындағы арнайы парақша бар және тұрақты түрде ақпараттармен жаңартылып отырады. Парақшада ресми жаңалықтармен қатар, өзге де қосымша ақпараттар беріледі.

Қостанай облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://kostanay.gov.kz/kz/> (қаралған күні: 23.06.- 30.10.2016). Ресми сайт қазақ және орыс тілдерінде ақпарат береді. Негізгі мәзірлері: «Облыс әкімі», «Қостанай облысы», «Мемлекеттік қызмет», «Облыстың паспорты», «Бизнес», «НҚА». Нашар көретіндерге лайықталған нұсқасы бар.

«Қазақстан жаңалықтары» және «Аймақ жаңалықтары» тұрақты түрде жаңартылып тұрады. Маусым айында ақпаратты беру барысында екі тіл арасындағы сәйкестікке басымдық берілмегендігі және орыс тілді мәліметтер сайтқа бірінші орналастырылатындығы айқындалған енді. Мәселен, қазақ тілді аймақтың жаңалықтары 2016 жылдың 31 мамырынан бері жаңартылмаса, орыс тілді аймақ жаңалығы соңғы рет 24 маусымда жаңартылған. Соңғы уақытта бұл кемшіліктің жойылғандығы анықталып, нәтижесінде екі тілдегі ақпарат уақытылы

беріліп тұрады. Әлеуметтік желілерде іздеу барысында парақшалар бойынша мәліметтер табылмады.

Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk> (қаралған күні: 23.06.-30.10.2016). Ресми сайт үш тілде толық қамтылған. «Аймақ», «Билік», «Құқық», «Бизнес», «Экономика», «Инфрақұрылым», «Қоғам», «Табиғат», «Мемлекеттік қызметтер», «Анықтама» тақырыбындағы негізгі мәзірлер жұмыс жасайды. Нашар көретіндерге арналған нұсқамен қатар, мобильді нұсқада қамтамасыз етілген. Негізгі беттегі жаңалықтар аймақпен қатар, республика бойынша да ақпараттар береді. Алғашқы талдау барысында қазақ және орыс тілдерінде берілетін жаңалықтар арасында өзара сәйкестілік байқалып, ағылшын тілді жаңалықтар кеш қойылатындығы айқындалған еді. Мәселен, сайтты қарау барысында екі тілдегі жаңалықтар 23 маусымда жаңартылып отырса, ағылшын тілді нұсқасы соңғы рет 17 маусымда ақпарат бергендігі анықталған еді. Соңғы өзгерістерді айқындау барысында бұл олқылықтар жөнге келтірілгендігі байқалады.

ВКонтакте желісінде «Акимат-Кызылординской области» атты топ табылып, мұндағы 21 жазбаның соңғысы 2015 жылдың 10 қарашасында жарияланған. Дегенмен, соңғы талдау барысында бұл парақшаны таба алмадық. Фейсбуктағы Қызылорда облысының Әкімдігі парақшасы тұрақты түрде жаңартылып отырады және ақпараттар екі тілде бір-бірін қайталап ұсынылады. Фейсбукта іздеу барысында басқа парақшалардың бар екендігі анықталды. Мәселен, «Областной Акимат Кызылординской области» парақшасында соңғы рет ақпарат 2014 жылдың 22 қазанында берілсе, қайта қарау барысында 24 маусымда Усаг Кызылординской области атты қолданушы өз мәліметтерін ұсынған. Сонымен қатар, Акимат Кызылординской области парақшасының жаңалықтары 2016 жылдың 26 қазанында жаңартылған және қолданушылар түрлі пікірлер қалдырған.

Маңғыстау облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://mangystau.gov.kz/kz> (қаралған күні: 23.06.2016 - 30.10.2016). Ресми сайт үш тілде ұйымдастырылғанымен, ағылшын тілді нұсқамен біраз жұмыс жасау қажеттілігі көрініп тұр. Сайт «Аймақ туралы», «Құрылым», «Құжаттар», «Мемлекеттік қызмет», «Экономика және бизнес», «Қоғам», «Инфрақұрылым», «Халықпен жұмыс», «Анықтамалық ақпарат» негізгі мәзірлерінен тұрады. Нашар көретіндерге арналған нұсқамен бірге, мобильді нұсқа да жасақталған. Қажетті деп ойлаған ақпараттық ресурстардың вебпорталдарына сілтеме жасауды ұмытпаған. Бас мәзірдегі жаңалықтар бөлімі тұрақты түрде «Аймақ жаңалықтар», «Қазақстан жаңалықтары», «Ақпарат» айдарлары арқылы үш тілде жаңартылып отырады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі Фейсбукта Маңғыстау облысының әкімдігі парақшасын ашқан және үнемі ақпарат көздерімен жаңартылып отырады. Зерттеу жұмысы барысында «Областной Акимат Мангистауской области» деген парақша бар екендігі анықталды.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://ontustik.gov.kz/> (қаралған күні: 24.06.2016 – 30.10.2016). Ресми сайт үш тілде жұмыс жасайды. Дегенмен, ағылшын тілді нұсқасының басым бөлігі өзге әкімдіктер сайты секілді орыс тілді нұсқаға енгізеді. «Әкім аппараты», «Басқармалар», «Әкімдіктер», «Мемлекеттік қызметтер», «Мәслихат», «Өңір туралы» тақырыптарындағы негізгі мәзірлер бар. Көзі нашар көретіндерге арналған арнайы нұсқамен қатар, мобильді нұсқа да жұмыс жасайды. «Егер мен әкім болсам: Сіздің ұсыныстарыңыз» интерактивті кері байланысы орын алған.

Облыс жаңалықтары қазақ және орыс тілдерінде тұрақты түрде жаңарып отырады. Ағылшын тіліндегі жаңалықтар беті қазақ тілді контенттің материалдарын ұсынған. Сайт әлеуметтік желілердегі парақшаларға еруге мүмкіндік жасайды. Ресми сайттың мәліметі бойынша әкімдік 3 әлеуметтік желіде тіркелген: Инстаграм, Фейсбук және Ютуб. Фейсбуктағы Оңтүстік Қазақстан Облысының Әкімдігі - Акимат Южно-Казахстанской области парақшасы тұрақты түрде жаңарып отырады.

Павлодар облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://www.pavlodar.gov.kz/page.php?lang=2> (қаралған күні: 24.06.2016 – 30.10.2016). Әкімдіктің ресми сайты үш тілде ұйымдастырылған және барлық мәліметтер барлық тілде толық қамтылған. Нашар көретіндерге арналған нұсқа

мен мобильді нұсқа қамтамасыз етілген. Негізгі мәзірлер қатарына «Билік құрылымы», «Әкімдердің есеп беру кездесулері», «Президенттің тапсырмасын орындай отырып», «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы», «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама», «Өңірлік бағдарламалар», «Мемлекеттік қызмет», «Экономика», «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп», «Көлік және коммуникациялар», «Әлеуметтік қорғау және халықтың жұмыспен қамтылуы», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық», «Саясат», «Денсаулық сақтау», «Білім беру», «Мәдениет», «Тілдер», «Спорт және туризм», «Жер қатынастары», «Табиғи ресурстар», «Ауыл шаруашылығы», «Мұрағат ісі», «Халықтың көші-қоны», «Қазақстан халқы Ассамблеясы», «Халыққа қызмет көрсету», «Халықпен жұмыс істеу», «Мемлекеттік сатып алулар», «Нормативтік-құқықтық актілер» бөлімдерін жатқызуға болады. Облыс жаңалықтары үш тілде тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Әлеуметтік желілердегі іздеу барысында әкімдіктің ресми парақшаларын таба алмадық.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://sko.gov.kz/> (қаралған күні: 24.06.2016 – 31.10.2016). Сайт үш тілде ұйымдастырылған. Ағылшын тіліндегі бөлім болғанымен, өзінің негізгі қызметін атқара алмай отыр. Мобильді нұсқа мен нашар көретіндерге арналған нұсқа жұмыс жасайды. «Бастысы», «Облыс жайлы», «Саясат және әкімшілік», «Қоғам», «Экономика» тақырыптарында негізгі мәзірлер бар. Қосымша мәзірлерде жұмыс жасайды.

Ресми сайттағы жаңалықтар мынадай төрт топқа жиынтықталған: Баспасөз қызметі, Өңір жаңалықтары, Қазақстандағы жаңалықтар, Бейне жаңалықтар. Жаңалықтар тұрақты түрде жаңартылып отырады және үш тілмен қамтамасыз етілген. Сайтқа жаңалықтар бірінші орысша, кейін қазақ және ағылшын тілдерінде қойылатындығы айқындалды. Әлеуметтік желілердегі белсенділік өте төмен болғандықтан, іздеу барысында әкімдіктің парақшаларын таба алмадық.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://www.akimvko.gov.kz/kz/> (қаралған күні: 24.06.2016 – 30.10.2016). Сайт үш тілде ұйымдастырылған. «Өңір төлқұжаты», «Билік құрылымы», «ШҚО әкімі», «Мемлекеттік қызметтер», «Сұрақ-Жауап», «Сайлау», «Мобильді нұсқа» бөлімдері негізгі мәзірлер болып табылады. Қосымша мәзірлер де жұмыс жасайды.

Қазақ және орыс тіліндегі материалдар тұрақты түрде жаңарып және сәйкестілікті танытса, ағылшын тіліндегі мәліметтер кешігіп жаңарып отыратындығын байқатты. Мәселен, ағылшын тіліндегі жаңалықтар ағымдағы жылдың 11 сәуірінен бері жаңартылмаған. Фейсбукта Шығыс Қазақстан атауымен ресми парақшасы бар және тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты: <http://astana.gov.kz/kk/> (қаралған күні: 25.06.2016–30.10.2016). Елорданың ресми сайты осы уақытқа дейін үш тілде дайындалып, «Астана туралы», «Астана әкімі», «Қалалық билік», «Құжаттар», «ЭКСПО 2017», «Серіктестер» негізгі мәзірлерінен құралған еді. Нашар көретіндерге арналған нұсқа және ағылшын тіліндегі нұсқасы мәліметтермен толық қамтылған болатын. «Астана жаңалықтары», «Медиагалерея», «Ақпараттар бюросы», «Мәдениет және демалыс» бөлімдері толыққанды үш тілде де жұмыс жасады. Пайдалы сілтемелер беруді де ұмытпаған.

Әкімдіктің ресми интернет-ресурсы бүгінде жаңа форматта екі тілде жұмыс жасайды. «Тұрғындарға», «Бизнеске», «Қонақтарға», «Сіздің Әкімдік» атты негізгі мәзірлер жұмыс жасайды. Нашар көретіндерге арналған нұсқа да өз қызметін атқаруда. Ақпарат берудің белсенділігі өте жоғары және тұрақты түрде екі тілде қамтамасыз етілген.

Фейсбукта Астана парақшасы тұрақты түрде қазақ және орыс тілінде жаңартылып отырады. Сонымен қатар, әкімдіктің Твиттерде, Ютубта және Инстаграмда ресми парақшалары бар.

Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайты: <http://www.almaty.gov.kz/page.php> (қаралған күні: 25.06.2016 – 30.10.2016). Ресми сайт үш тілде жұмыс жасайды және толық қамтылған. Маусым айындағы талдау барысында «Әкімге сұрақ», «Саясат және әкімшілік», «Әкімдік құрылымы», «Мемлекеттік рәміздер», «Қоғам», «Қала шаруашылығы», «Тарих», «Экономика», «Экология», «Туризм», «Назар аударарлық орындар», «Мемлекеттік органдар», «Бос орындар», «Баспасөз клубы» негізгі мәзірлерімен қатар, қосымша мәзірлер де жұмыс жасаған болатын. Қазандағы талдау барысында негізгі мәзірлер қатарынан көрініс тапты: «Әкімшілік», «Қала шаруашылығы»,

«1000-жылдық», «Қоғам», «Баспасөз қызметі», «Анықтама». Жаңалықтар бөлімі тұрақты түрде үш тілде жаңартылып отырады. Дегенмен, орыс тіліндегі ақпарат бірінші, қазақ және ағылшын тілдеріндегі ақпараттар кейін орналастырылатындығы айқындалды.

Әкімдіктің әлеуметтік желілердегі парақшаларына ресми сайт арқылы енуге болады. ВК, Фейсбук және Твиттерде парақшалары бар. Дегенмен, ақпараттық материалдар ескіргендігі көрініс тапты: ВКонтакте желісінде соңғы материал 2016 жылдың 6 сәуірінде берілсе, Фейсбукта 25 мамырда, Твиттерде 26 мамырда берілген. Іздеу барысында Одноклассники және Мой мирде парақшалар табылмады.

Қорытынды

Облыс әкімдіктерінің ресми сайттары аймақ төлқұжаты болып табылады. Облыс әкімдіктерінің 9 ресми сайты үш тілде, 5 ресми сайт екі тілде халыққа қызмет көрсетеді, Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты 2 тілде, Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайты үш тілде ұйымдастырылған. Ресми сайтта жасақталған материалдар бірізділікті және ұсынылған тілдегі ақпарат өз тілінде берілгендігін дұрыс деп ойлаймыз. Талдау жұмысын жүргізу барысында ресми сайттардың ақпарат берудегі жылдамдығына мән бердік. Соңғы уақытта барлық ақпараттардың жылдам орналастырылуы байқалды. Зерттеу жұмысы барысында ағылшын тіліндегі ақпараттар кейбір сайтта толық қамтылмағандығы айқындалып отыр. Сондықтан сайттың ағылшын тіліндегі қажетті міндетін атқару үшін ақпараттың толыққанды орналасуына баса назар аудару қажет.

Ресми сайттарға жалпы мынадай баға беруге болады: өзекті – маңызды ақпараттар мен қызмет түрлері беріліп отырады, барлық ақпараттардың жиілігі жоғары және тұрақты түрде жаңарып отырады. Ақпараттардың бірнеше тілде берілуіндегі кемшіліктер орын алған. Ашықтық – барлық негізгі салалар бойынша (заң, биліктің сот органдарының жұмысы, денсаулық, білім беру, әлеуметтік сала, тұрғын-коммуналдық қызмет, көлік, байланыс және ақпараттандыру, мәдениет және ғылым, спорт, экономика, аймақтың сыртқы байланыстары, статистика, бос орындар, салық салу және төлем жасау және т.б.) ақпараттар бар және толық. Қызмет түрлерінің мөлдірлігі – аймақтың құрылымдық бөлімдерінің басшылығы, қызметі, жұмыс барысы, жауапты тұлғалар және оларды табу жолдары көрсетілген. Атқарылған жұмыстар туралы есептері, нәтижелер туралы мәліметтер, жаңалықтар, тұтынушылар үшін өзекті ақпараттар мен хабарландырулар тұрақты түрде жаңарып отырады. Барлық басқармалардың электронды пошталары көрсетілген. Интербелсенділігі – тұрғындармен интербелсенді байланыстың форум, қоғамдық пікір сұраулары, сауалнамалар сынды түрлері қолданылады. Көптеген сайттарда белсенді саяси қатысудың түрі болып табылатын электронды дауыс беру қарастырылған.

Дегенмен, облыс әкімдіктері мен Астана, Алматы қаласы әкімдіктерінің ресми сайттарын қысқаша салыстырмалы талдау көрсеткендей, әлі де оң өзгерістер қажеттілігі байқалады. Сайттарда анықталған кейбір кемшіліктер бұқарамен байланыстың маңызды әрі тиімді құралы ретінде қарастырылмағандығын дәлелдейтіндей. Сондықтан бұл кемшіліктерді түзеу электронды кері байланысты дамыта түседі. Интернет-ресурс билік органдарын тек ресми таныстырумен шектелмей, облыс, қала мүмкіндіктерін тұрғындар, инвесторлар мен туристерге арналған арнайы таныстырылымдарға ерекше мән бергендерін дұрыс санаймыз. Бұл қимыл сайтты қолданушыларының санын жоғарылата түсетіндігін айқындайды.

Бүгінде халықтың басым бөлігі әлеуметтік желілерде отыратындығы белгілі. Өйткені қоғам мүшелерінің көпшілігі өз өмірлерін әлеуметтік желілерсіз елестете алмайтын жағдайға жетті. Әлеуметтік желілер толықтай бүкіл әлемді қамтып, танымалдылығы жоғарылап жатыр және оның нақты жас ерекшелік немесе кәсіби шектеулері жоқ. Сонымен бірге, әлеуметтік желілер қазіргі заман азаматтарының тұлғалық әлеуметтенуіне ерекше ықпал жасайды. Сондықтан әкімдіктер әлеуметтік желілердегі парақшаларды ашуға, оны ақпараттық контенттермен өз уақытында толтырып отыруға және оның тиімділігін үнемі айқындап отыру қажет. Зерттеу жұмысы барысында ресми сайт арқылы әлеуметтік желілерге енуді 2 облыстық және Алматы қаласының әкімдіктері қарастырған. Мұндай мүмкіндікті өзге ресми сайттарда ұйымдастыру

кері байланыс тиімділігін арттыратындығы сөзсіз.

Заманауи ақпараттық қоғамда танымалдылықты арттыру әлеуметтік желілер арқылы мүмкін және ол кері байланысты жандандырудың белсенді ақпарат құралы. Анықталғандай, әлеуметтік желілердегі парақшаларға жауаптылардың басым көпшілігі оның мазмұндылығына немқұрайлы қарайтындықтары айқын байқалып тұр. Үш облыс әкімдігінде әлеуметтік желілердегі парақшалары болмай шықты. Әкімдіктің парақшасы бар болған жағдайда оның атауын әкімдіктің ресми толық сипаттамасын белгілеу арқылы ұйымдастырған жағдайда тиімдірек болатын еді.

Әлеуметтік желілердегі парақша материалдары тек ресми ақпараттармен қамтылған. Парақшаларда қолданушылардың ұсыныс, тілектері жазылғанымен, кері байланыстың орын алмауы көрініс тапты. Желі қолданушы тұрғындармен байланыс орнатудың өзге түрлерін қарастыру қажеттілігі бар екендігі айқын. Өйткені берілген ақпараттарды талдаудың мүлдем жоқтығы кері байланыс әлсіздігін танытады.

Қорыта айтқанда, ақпараттың үлкен ағындары, өмір үдерістерінің жоғарғы жылдамдығы заманауи қоғам мүшесінің Интернеттегі мәліметтер дереккөзіне жүгінуді талап етеді. Соңғы жылдары ғаламторда әлеуметтік желілер арқылы араласу тәсілінің танымалдылығы артып келеді. Виртуальды кеңістіктегі араласу жағымды және жағымсыз жақтары бар ерекшеліктерге ие. Әрине, ғаламторда негізсіз, босқа уақытын өткізу адамзаттың кері дамуына ықпал жасайды. Кеңістікті тиімді пайдалану қолданушылардың көптеген мәліметтер алуына мүмкіндік беруімен қатар, байланыстың құпиялылығын сақтайды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға желілер арқылы ақпарат алу баға жетпес нәтиже болып табылады. Сондықтан ресми сайттар мен әлеуметтік желілердегі мәліметтер көпшілік құндылықтарымен санасып, қажетті мәліметтерді үзбей ұсынып отырулары қажет деген пікірдеміз.

Берілген тақырып бойынша талдау алғаш рет жүргізіліп отырғандықтан, зерттеу жұмысында кемшіліктер болуы мүмкін. Ғылыми жұмыста алынған нәтижелер алдағы уақытта жаңа ізденістер туындатып, бірлескен зерттеулер ғана дамытудың жаңаша ұсыныстарын әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Насимов М.Ө. Интернет кеңістігіндегі киберәлеуметтендірудің өзекті мәселелері // әл Фараби.– 2016. - №1. – 104-117 бб.

2 Okinawa Charter on Global Information Society [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <http://www.mofa.go.jp/policy/economy/summit/2000/documents/charter.html>

3 «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464>

Дата поступления статьи в редакцию 28.06.2016